

Орал қаласындағы Жайық өзені арқылы өтетін көпірден көлік құралдарының жүруіне төлем белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 3 ақпан N 135. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.09.27. N 1262 қаулысымен. ~P011262

Орал қаласындағы Жайық өзені арқылы өтетін "Самара-Шымкент" автомобиль жолында орналасқан көпірден көлік құралдарының, соның ішінде ірі ауқымды және ауыр салмақтыларының өтуі салдарынан авариялық жағдайда тұрған көпірге келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын жүргізу және Орал қаласында Жайық өзені арқылы жаңа көпір салуды тездету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2701 Заң күші бар Жарлығына сәйкес ТМД елдерінің, алыс шетелдер және Қазақстан Республикасының көлік құралдарына, ірі ауқымды және ауыр салмақты жүк таситындарын қоса алғанда, "Самара-Шымкент" республикалық мемлекеттік автомобиль жолының Орал қаласындағы Жайық өзені арқылы көпірден өтетін, кіре берістерін қосқанда 8 км созылған учаскесінен жүру үшін төлем белгіленсін.

2. Жоғарыда аталған учаскеден жүргені үшін төлем ставкалары қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

3. Жол жүру алымдарынан түскен қаражат Орал қаласындағы Жайық өзені арқылы өтетін қазіргі көпірді жөндеу және жаңасын салу үшін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің республикалық Ж о л қ о р ы н а ж і б е р і л с і н .

4. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Батыс Қазақстан облысының әкімімен бірлесіп Орал қаласында Жайық өзені арқылы жаңа көпірдің құрылысын аяқтау үшін тікелей шетелдік және отандық инвестицияларды тарту мүмкіндігін қ а р а с ы н .

5. Батыс Қазақстан облысының әкімі көпір арқылы өткені үшін төлем алынбайтын арнаулы көлік құралдарының тізбесін айқындасын.

6. Участкемен жүріп өткені үшін төлемнің толық түсуіне және түскен қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасау Батыс Қазақстан облысының әкіміне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 3 ақпандағы
N 135 қаулысына

қосымша

Республикалық "Самара-Шымкент" мемлекеттік автомобиль
жолының Орал қаласындағы Жайық өзені арқылы өтетін
көпірмен ұзындығы 8 км учаскесінен көлік құралдары
жүріп өткені үшін төлемақы
С Т А В К А С Ы

Көлік құралдары	ТМД, Алыс шетел елдері мен Қазақстан Республикасы көлік құралдарының жүруі үшін төлемақы мөлшері, АҚШ доллары мен
Жеңіл автомобильдер	0,85
Шағын автобустар	1,25
Жеңіл автобустар (ПАЗ, КАВЗ)	2,50
Ауыр автобустар (Икарус, ЛИАЗ, ЛАЗ және басқалары)	5,80
Жүк автомобильдері, жүк көтерімділігі тоннамен:	
1,0 дейін	1,25
1,0-ден 5,0 дейін	3,50
5,0-ден 8,0 дейін	5,80
8,0-ден 12,0 дейін	7,50
12,0-ден 15,0 дейін	12,50
15,0 артық	16,50
Тракторлар	4,20

Ескертпе: Төлеу сәтіндегі доллар бағамы бойынша теңгемен төлем
ж а с а л а д ы .

Батыс Қазақстан облысында тіркелген жеңіл
автомобильдерден төлем алынбайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ